

## **6M08701 – «Аграрлық техника және технология» БББ түлектерінің моделі**

### **Оқу нәтижесінде түлек:**

#### **Істей білуі тиіс:**

- өндірістік жағдайларда техника мен жабдықтарды пайдалану тиімділігін анықтау;
- мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде энергия және ресурс үнемдейтін технологиялар мен жабдықтарды қолдану;
- ет және сүт өнімдерін кептіру және салқындату процестерін талдау негізінде негізгі параметрлерді анықтау;
- ауыл шаруашылығы өндірісінде машиналар мен жабдықтардың техникалық пайдалануын жоспарлау және ұйымдастыру;
- өсімдік шаруашылығындағы инженерлік-техникалық қызметтің жай-күйін және дамуын талдау;
- қолданыстағы бизнес модельдерді талдау және кәсіпорын қызметінің нәтижелерін едәуір жақсарту мақсатында оларды қайта жобалау;
- нарықтық экономика жағдайында өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу технологиялары мен техникалық құралдарын қолдануды қамтамасыз ету;
- өсімдік және мал шаруашылығы салаларындағы өңдеу кәсіпорындарын жобалау;
- ғылыми ашылымдар мен әзірлемелер бойынша зияткерлік меншік құқығын қорғау.

#### **Білуі және түсінуі тиіс:**

- өсімдік және мал шаруашылығындағы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын өндірістік пайдаланудың негіздерін;
- өсімдік шаруашылығын инженерлік-техникалық қамтамасыз ету жүйелерінің сызбалары мен мазмұнын;
- ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздерін, ғылыми қызметті ұйымдастырудың қағидалары мен құрылымдарын;
- ауыл шаруашылығының негізгі даму үрдістерін, әртүрлі ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешу үшін теориялық білімді қолдану жолдарын;
- мекемелер, ұйымдар және кәсіпорындар қызметінің техникалық даму перспективаларын және ерекшеліктерін; Қазақстан Республикасының Конституциясы мен аграрлық сектор мәселелеріне қатысты заңнамасының негізгі ережелері мен нормативтік талаптарын;
- ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі проблемаларды және оларды талдау мен шешу үшін заманауи ғылыми құралдарды қолдану мүмкіндіктерін;
- ғылыми зерттеулерді жүргізу әдістері мен құралдарын;
- қазіргі заманғы техникалық құралдарды, есептеу техникасын, коммуникация құралдарын, ақпараттық технологияларды дамыту перспективалары мен үрдістерін;

- техникалық құжаттаманы дайындау ережелері, әдістері мен құралдарын; экономика, еңбек ұйымдастыру, өндірісті ұйымдастыру және ғылыми зерттеулер негіздерін.

**Құзыретті болуы тиіс:**

- ғылыми зерттеулердің әдіснамасы саласында;
- ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық техникалық және технологиялық өндірістер мәселелерінде;
- жаңа ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарын пайдалануды ұйымдастыруда;
- жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында;
- заманауи білім беру технологиялары, кәсіби саладағы ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындау мәселелерінде;
- білімді үнемі жаңарту, кәсіби дағдылар мен қабілеттерді кеңейту тәсілдерін меңгеруде;
- зерттелетін міндеттерді шешу үшін математикалық аппаратты қолдануда;
- ғылыми зерттеулерді орындау және материалдарды өңдеу кезінде есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануда.